

Айыртау аудандық мәслихатының 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 6-26-8 "2019-2021 жылдарға арналған Айыртау ауданы Арықбалық ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 2019 жылғы 12 қарашадағы № 6-36-3 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 15 қарашада № 5659 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 109-1, 111 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына сәйкес Айыртау аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "2019-2021 жылдарға арналған Айыртау ауданы Арықбалық ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" Айыртау аудандық мәслихатының 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 6-26-8 шешіміне (2019 жылғы 11 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған, нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5128 болып тіркелді) келесі өзгерістер енгізілсін:

1- тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2019-2021 жылдарға арналған Айыртау ауданы Арықбалық ауылдық округінің бюджеті тиісінше осы шешімнің 1, 2 және 3 қосымшаларына сәйкес, оның ішінде 2019 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 31 414,0 мың теңге:

салықтық түсімдер – 10 200,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

трансферттер түсімі – 21 214,0 мың теңге;

2) шығындар – 32 999,9 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 мың теңге:

бюджеттік кредиттер – 0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге:

қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -1 585,9 мың теңге;

б) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 1 585,9 мың теңге:

қарыздар түсімі – 0 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 0 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 1 585,9 мың теңге.";

б - тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"6. 2019 жылға арналған ауылдық округ бюджетіне аудандық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер ескерілсін.

Көрсетілген аудандық бюджеттен нысаналы трансферттерді бөлу ауылдық округ әкімінің 2019-2021 жылдарға арналған Арықбалық ауылдық округінің бюджеті туралы Айыртау аудандық мәслихатының шешімін іске асыру туралы шешімімен белгіленеді."

б-1 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"б-1. 2019 жылға арналған ауылдық округ бюджетінде республикалық бюджеттен нысаналы трансферттер түсімдері ескерілсін, оның ішінде:

азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге;

мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің жекелеген санаттарының жалақысын көтеруге.

Республикалық бюджеттен көрсетілген нысаналы трансферттерді бөлу ауылдық округ әкімінің 2019-2021 жылдарға арналған Арықбалық ауылдық округінің бюджеті туралы Айыртау аудандық мәслихаттың шешімін іске асыру туралы шешімімен белгіленеді.";

көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2019 жылдың 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы
Айыртау аудандық мәслихаты
XXXVI сессиясының төрағасы

С.Пономарев

Солтүстік Қазақстан облысы
Айыртау аудандық
мәслихатының хатшысы

Б.Жанахметов

Айыртау аудандық мәслихатының 2019 жылғы _
№ _____ шешіміне қосымша
Айыртау аудандық мәслихатының 2018 жылғы
28 желтоқсандағы № 6-26-8 шешіміне 1-
қосымша

2019 жылға арналған Айыртау ауданы Арықбалық ауылдық округінің бюджеті

Санаты		
--------	--	--

Сыныбы		Атауы	Сома, мың теңге
К і ш і сыныбы			
		1) Кірістер	31 414,0
1		Салықтық түсімдер	10 200,0
	01	Табыс салығы	2 800,0
	2	Жеке табыс салығы	2 800,0
	04	Меншікке салынатын салықтар	7 400,0
	1	Мүлікке салынатын салықтар	100,0
	3	Жер салығы	500,0
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	6 800,0
2		Салықтық емес түсімдер	0
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0
4		Трансферттердің түсімдері	21 214,0
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	21 214,0
	3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	21 214,0

Кестенің жалғасы

Функционалдық топ		Атауы	Сома, мың теңге
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама		
		2) Шығындар	3 2 999,9
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	2 5 237,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2 5 237,0
	001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	2 2 132,0
	022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 105,0
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	5 262,9
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	5 262,9
	008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1 189,0
	009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	773,0
	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	2 800,9
	014	Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру	500,0

13		Басқалар	2 500,0
124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2 500,0
	040	Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	2 500,0
		3) Таза бюджеттік кредиттеу	0
		Бюджеттік кредиттер	0
		Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
		4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
		Қаржы активтерін сатып алу	0
		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
		5) Бюджет тапшылығы (профициті)	- 1 585,9
		6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	1 585,9
		Қарыздар түсімі	0
		Қарыздарды өтеу	0
Санаты			Сума
	Сыныбы	Атауы	'
	Кіші сыныбы		мың
			теңге
8		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	1 585,9
	01	Бюджет қаражаты қалдықтары	1 585,9
	1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	1 585,9